## 2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 10/121 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаменті Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 11-5-64 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет Кодексі, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына, Қазақстан Республикасының "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 96-IV Заңына, "2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/116 шешіміне сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған аудандық бюджет 1 қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 3 229 889 мың теңге, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша - 1 294 907 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 8 872 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 10 000 мың теңге;

трансферттер түсімдер бойынша – 1 916 110 мың теңге;

2) шығындар – 3 262 598 мың теңге;

3) операциялық сальдо – 32 709 мың теңге;

4) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 32 709 мың теңге;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

Ескерту: 1 тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Маңғыстау ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешімімен.

2. 2009 жылға аудан бюджетіне кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:

1) Төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы -100 пайыз;

2) Төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;

3) Қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;

4) Әлеуметтік салық - 100 пайыз.

5) Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын

жеке табыс салығы - 100 пайыз;

6) Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталмайтын жеке табыс салығы - 100 пайыз».

Ескерту: 2 тармаққа толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен;

3. 2009 жылға облыстық бюджеттен Маңғыстау ауданының бюджетіне алынатын 373 973 мың теңге сомасындағы субвенция көлемі белгіленсін.

4. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде дамуға арналған жергілікті бюджет қаржысы қарастырылғандығы ескерілсін:

54 700 мың теңге – білім беру объектілерін дамытуға;

677 263 мың теңге – сумен жабдықтау жүйесін дамытуға.

4 - 1.2009 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде республикалық бюджеттен ағымдағы мақсатты трансферт қарастырылғандығы ескерілсін:

27 705 мың теңге – мемлекеттік жалпы білім беру мекемелерінде лингафондық және мультимедиялық кабинеттерін құруға;

20 484 мың теңге - мемлекеттік жалпы білім беру мекемелерінде лингафондық және мультимедиялық кабинеттерінің құрал - жабдықтарымен жабдықтауға;

12 715 мың теңге – мемлекеттік білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуге;

16 924 мың теңге – жаңадан енгізілген білім нысандарын ұстауға;

14 793 мың теңге – ауылдық жерлердегі әлеуметтік саланың мамандарына әлеуметтік қолдауды іске асыруға.

65 469 мың теңге - білім нысандарын күрделі жөндеуден өткізуге;

53 881 мың теңге – мәдениет нысандарын күрделі жөндеуге;

422 359 мың теңге – сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

250 000 мың теңге – автомобиль жолдарын ағымды жөндеуге;

30 864 мың теңге – инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге;

9 000 мың теңге – әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге.

Ескерту: 4 тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен, өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - Маңғыстау ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешімімен.

5. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде облыстық бюджеттен ағымдағы мақсатты трансферт қарастырылғандығы ескерілсін:

13 200 мың теңге - мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу - әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

254 730 мың теңге – заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын

төлеу тәртіптерінің өзгеруіне байланысты аудан бюджеті шығыстарын өтеуге.
3 000 мың теңге – халықты жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша қоғамдық жұмыс ұйымдастыруға;
3 020 мың теңге – Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқитындарға әлеуметтік көмек төлеуге.
5 - 1. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде дамуға арналған республикалық бюджет қаржысы карастырылғандығы ескерілсін:
200 000 мың теңге – инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру;
210 643 мың теңге – сумен жабдықтау жүйесін дамытуға».
Ескерту: 5 тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Маңғыстау ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешімімен.
6. Құқық берілсін:
1) Біржолғы материалдық көмек:
тіс протездерін жасауға және жөндеуге Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Чернобыль атом электр станциясы мүгедектеріне 10 000 теңге;
амбулаториялық емделу кезінде дәрі - дәрмек сатып алу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 5 000 теңге;
Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне облыстық газеттің біреуіне жылдық жазылу құнының сомасында;
аз қамтамасыз етілген отбасына және аса мұқтаж азаматтарға қиын жағдайлар болған кезде (отбасы мүшесі қайтыс болғанда, қатаң ауырған, операция жасататын, облыс шегінен шығып, емделуге кететін, өрт болған, отбасында немесе азаматтың басында баска бақытсыз оқиға болған, отбасында өте кат тұрмыстық қажеттілік (қысқы отын, су, газ, тоқ т.б) туындағанда белгіленген тәртіппен каралған қаржы көлемінде.
2) Атаулы күндер құрметіне әлеуметтік көмек:
Ұлы Жеңіс күніне 9 мамыр Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне бір жолғы 30 мың теңге мөлшерінде;
Ұлы Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикасы Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
Ұлы Жеңіс күніне 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) жұмыс істегені туралы еңбек

кітапшасында жазбасы немесе стаж белгілеу арнайы комиссия шешімі немесе мұрағаттық анықтамасы бар тыл еңбеккерлеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және соғыста қаза тапқан әскери жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ауғанстанда әскери қызметін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерге 25 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан жоюға қатысқан және Чернобыль АЭС - індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 20 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасына 10 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға және соларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қарттар күніне (1 қазан):

жасы 70 - тен асқан қартайған жалғызілікті зейнеткерлерге – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Мүгедектер күніне (жыл сайын қазанның екінші жексенбісі):

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын мүгедек балалар мен барлық топтағы мүгедектерге – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қазақстан Республикасының күніне (25 қазан):

асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың балаларына – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

3) Тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек төлеуге:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және соғыста қаза тапқан әскери жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың балаларына – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға – 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

4) Үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға ай сайын – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек.

5) Ай сайынғы қосымша ақы:

облысқа сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға – 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

6) Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау және фармацевтика, әлеуметтік қамту, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына бір жолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отындарды сатып алуға 10 000 теңге.

7. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау және фармацевтика, әлеуметтік қамту, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдары мамандарына 25% көтеріңкі жалақы және тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

8. Аудан әкімиятының резерві 2 822 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту: 8 тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен.

9. 2 - қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған ауданның бюджеттік даму бағдарламасының тізбесі бекітілсін.

10. 3 - қосымшаға сәйкес 2009 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Сессия төрағасы* *Аудандық Мәслихат хатшысы*

*С.Қапашұлы* *Ж. Жапақов*

КЕЛІСІЛДІ:
Ұзақбай Әсемгүл Жылқыбекқызы
Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы
19 желтоқсан 2008 ж

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешіміне 1 қосымша

Ескерту: 1 қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен, жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен, жаңа редакцияда - Маңғыстау ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешімімен.

## 2009 жылға арналған бюджет

| Сан | Сын | Іш- кі сын | Атауы | Бекі- тілген бюджет |
|---|---|---|---|---|
| | | | І.Кірістер | |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1 294 907 |
| | 1 | | Табыс салығы | 121 531 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 121 531 |
| | 3 | | Әлеуметтік салық | 113 893 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 113 893 |
| | 4 | | Меншікке салынатын салықтар | 1 013 803 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 987 077 |
| | | 3 | Жер салығы | 14 608 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 11 808 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 310 |
| | 5 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар | 44 303 |
| | | 2 | Акциздер | 955 |
| | | 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 39 509 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 3 839 |
| | 8 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар (немесе) лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер | 1 377 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 1 377 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 8 872 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 | | Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер | 876 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі | 435 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 441 |
| | 2 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды ( жұмыстарды, қызметтер көрсетуді ) өткізуінен түсетін түсімдер | 1 739 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер | 1 739 |
| | 3 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 112 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 112 |
| | 4 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар,санкциялар, өндіріп алулар | 5 321 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 5 321 |
| | 6 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 824 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 824 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 10 000 |
| | 3 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 10 000 |
| | | 1 | Жерді сату | 10 000 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 1 916 110 |
| | 2 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 1 916 110 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 1 916 110 |
| | | | Барлығы | 3 229 889 |

| Кодтар | | | Атауы | Бір жылға арналған жылдық жоспар |
|---|---|---|---|---|
| ФТ | Әк. | Бағ | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | II.Шығындар | |
| 1 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 155 021 |
| | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 9 295 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 9 295 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 32 832 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 32 832 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 88 445 |
| | | 001 | Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың ( селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету | 88 445 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 24 449 |
| | | 001 | Экономика және қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 20 504 |
| | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 3945 |
| 2 | | | Қорғаныс | 3 300 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 3 300 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 3 300 |
| 4 | | | Білім беру | 1 452 789 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 102 756 |
| | | 004 | Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау | 102 756 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі | 1 296 033 |
| | | 003 | Жалпы білім беру | 1 159 542 |
| | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 13 200 |
| | | 006 | Балалар мен жас өспірімдер үшін қосымша білім беру | 33 697 |
| | | 001 | Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 10 290 |
| | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 1 120 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 010 | Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу | 12 715 |
| | | 011 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу | 65469 |
| | | 099 | Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру | 0 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 54 000 |
| | | 037 | Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 54 000 |
| 6 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 168 455 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 4 508 |
| | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 4 508 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 163 947 |
| | | 002 | Еңбекпен қамту бағдарламасы | 34 312 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсету | 15 500 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 12 500 |
| | | 006 | Тұрғын үй көмегі | 16875 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 58 761 |
| | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 900 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 2 262 |
| | | 016 | 18 жасқа дейіні балаларға мемлекеттік жәрдемақылар | 5 187 |
| | | 017 | Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді арнайлы гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету | 3 697 |
| | | 001 | Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 13 271 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 682 |
| 7 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1 200 663 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 882 258 |
| | | 004 | Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру | 204 995 |
| | | 006 | Сумен жабдықтау жүйесін дамыту | 254 904 |
| | | 014 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту | 422 359 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 26 041 |
| | | 008 | Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру | 8 744 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 500 |
| | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 16 797 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 292 364 |
| | | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету | 11 000 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 500 |
| | | 030 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту | 280 864 |
| 8 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 147 051 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 86 949 |
| | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау | 86 949 |
| | 457 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі | 30 396 |
| | | 009 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1 139 |
| | | 010 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 1 266 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 20 938 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 001 | Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 7 053 |
| | | 099 | Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру | 0 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 12 706 |
| | | 001 | Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 4 332 |
| | | 002 | Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу | 8 374 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 17 000 |
| | | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 17 000 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 72 978 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 14 793 |
| | | 099 | Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру | 14 793 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 4 304 |
| | | 001 | Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 4 304 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық ( селолық) округ әкімінің аппараты | 53 881 |
| | | 019 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру | 53 881 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 36 725 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 8 225 |
| | | 001 | Қала құрылысы, сәулет және құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 8 225 |
| | | 013 | Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу абаттандыру мен көгалдандыру | 28 500 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 0 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 0 |
| | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 0 |
| 13 | | | Басқалар | 25 615 |
| | 454 | | Ауданның(облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 11 450 |
| | | 001 | Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 6 800 |
| | | 006 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 4 650 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 8 967 |
| | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 6822 |
| | | 008 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу | 2 145 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 5 198 |
| | | 001 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету | 5 198 |
| 15 | | | Трансферттер | 1 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 1 |
| | | 006 | Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару | 1 |
| | | | III.Операциялық сальдо | 32 709 |
| | | | IV.Тапшылықты қаржыландыру | -32 709 |
| | | | V.Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Жиыны: | 3 262 598 |

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 18 қарашадағы N 9/114 шешіміне 2 қосымша

Ескерту: 2 қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 11/133 шешімімен, жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/147 шешімімен, жаңа редакцияда - Маңғыстау ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы N 13/156 шешімімен.

# Инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған ауданның бюджеттік даму бағдарламасының тізбесі

| Фт | Әк. | Бағ. | Атауы |
|---|---|---|---|
| 4 | | | Білім беру |
| | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі |
| | | 002 | Білім беру объектілерін дамыту |
| | | | Қызан селосындағы 80 орындық бала-бақшаның құрылысын аяқтауға |
| 7 | | | Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығы |
| | | | Коммуналдық - шаруашылық |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі |
| | | 004 | Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру |
| | | | Шетпе, Жыңғылды, Тұщыбек, Қызан, Ақшымырау, Ұштаған, Шебір, Шайыр селоларының инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайластыруға |
| | | | Боздақ елді мекенінің поселкеішілік газ құбырының құрылысына жобалық сметалық құжат дайындауға |
| | | 006 | Сумен жабдықтау жүйесін дамыту |
| | | | Онды селосындағы поселкеішілік су құбырының құрылысын салуға |
| | | | "Көгез-Шетпе" су құбырының құрылысын бастауға және Шетпе селосындағы поселкеішілік су құбырының құрылысын бастауға |
| | | | Боздақ, 15-бекет елді мекендерінің су қондырғыларын орнатудың құрылысын аяқтауға |
| | | 014 | Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту және елді – мекендерді көркейту |
| | | | Сазды елді мекенінде су құбырының құрылысын бастауға |
| | | | Ұштаған селосына су қондырғыларын орнатудың құрылысын бастауға |
| | | | Тұщықұдық селосына су қондырғыларын орнатудың құрылысын бастауға |
| | | | Жарма елді мекенінде су құбырының құрылысын бастауға |
| 8 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі |
| | | 0 11 | Спорт объектілерін дамыту |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Шетпе селосындағы спорт комлексінде бассейннің құрылысына жобалық сметалық құжат дайындауға және құрылысын бастауға |

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 10/121 шешіміне 3 қосымша

## 2009 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалу процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі

| Фт | ФІТ | Әк. | Бағ. | Атауы |
|---|---|---|---|---|
| 4 | | | | Білім беру |
| | 2 | | | Жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру |
| | | 464 | | Ауданның білім беру бөлімі |
| | | | 003 | Жалпы білім беру |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК